…лық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# …і туы

…тетінің, еңбекшілер депутаттарының
…онавл қалалық комитетінің газеті

… март Жексенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.


**Большевиктік партияның төңірегіне топтанған еліміздің еңбекшілері халық шаруашылығының жоспарларын және Мемлекеттік бюджетті ойдағыдай орындауға қажетті мүмкіншіліктердің барлығын істейді, сөйтіп, коммунистік қоғам құрылысында 1952 жылды жаңа жеңістермен атап өтеді. Лениннің — Сталиннің ұлы партиясы, сүйікті көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдас бізді осы мақсатқа сеніммен бастап келеді!**

*(А. Г. Зверев жолдастың баяндамасынан).*

## …ССР Одағы Жоғарғы Советінің мәжлістері

# …ға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және …ғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы

## …инанс Министрі А. Г. ЗВЕРЕВТІҢ баяндамасы

…н және өндіріс шы…
…маларының орында-
…рының жұмсалуын,
…руашылық ұйымда-
…лі төлемдердің мез-
…қатты бақылап оты…

…ендей, бюджет кірі
… социалистік шар-
… Сондықтан халық-
…лықтар ССРО-ның
…н Мемлекеттік бюд-
…од сом мөлшерінде
…рлық кірістің 9,3

…тар одақтас респуб-
…дың финанс орында
…лық жыйнау жұмы-
…ктер болды. Красно-
… Брянск және РСФСР
…облыстарында, сол
…Р-нің Гродно және
… ауылшаруашылық
…жоспары мезгілінде

…гінің, электр станциялары Министрлігінің, машина және аспап жасау Министрлігінің бірқатар ұйымдары құрылыстың бағасын арзандату жөніндегі тағайындалған мемлекеттік жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етпеді. Мұның өзі құрылыстарда жұмысты ұйымдастыруда және құрылыс механизмдерін пайдалануда елеулі кемшіліктерге жол беруге әкеліп соқты. Ал, құрылыс индустриясы жеткілікті мөлшерде жабдықталған. Құрылыстарда техниканың әлі де толық пайдаланылмауы, құрылыс механизмдерінің босқа қарап тұруы сияқты көптеген фактілер кездеседі. Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысының «Дзержинстрой» және «Макеевстрой» трестерінде жұмыс участоктерінің толық қамтамасыз етілмеуі, жоспарсыз жөндеу және ақауларға жол берілуі салдарынан экскаваторлардың, механикалық жүк тиегіштер мен крандардың көп босқа тұруына жол беріліп келді. Кама су электр станциясы құрылысында крандар мен трактор скре…

…териал заттарының айналымы одаққа бағынатын өнеркәсіп министрліктерінің кәсіпорындары бойынша 1951 жылдың 9 айында, 1950 жылдың осыған сәйкес уақытымен салыстырғанда, 4 проценттей арта тездетілді. Алайда, айналмалы қаржыны пайдалануда бірқатар министрліктердің кәсіпорындарында әлі де елеулі кемшіліктер бар. Басы артық және керексіз материалдарды табу және пайдаға асыру жұмысы жолға қойылмаған, шикізаттың, материалдардың, отынның, сонымен қатар, дайын өнімнің жоспардан тыс қорларының жыйналуына жол беріледі. Товар мен материал заттарының жоспардан тыс қорларының пайда болуы көп жағдайда өнімнің бір қалыпты шығарылмауына және бірсыпыра министрліктердің материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысында елеулі кемшіліктердің болуына байланысты. Мәселен, автомобиль және трактор өнеркәсібі Министрлігінің Мытищина машина жасау заводы бойынша …

…тың өз ішіндегі есепті деркезінде жүргізуіне және финанс тәртібін сақтауына бақылау жасамайды. Финанс және кредит мекемелері қызметкерлерінің болып келген кемшіліктерді жоюы және өз жұмыстарын мейлінше жақсартуы керек.

Мемлекеттік бюджеттің ауыл шаруашылығын және орман шаруашылығын қаржыландыруға арналған шығыны тракторлардың, ауылшаруашылық машиналарының және жанармайлардың бағасын кемітуді есепке ала отырып, 1952 жылға 34,7 миллиард сом мөлшерінде белгіленді. Бұл қаржының 17 миллиард сомы машина-трактор және орман қорғау станцияларын қаржыландыруға жұмсалады.

ССРО Министрлер Советі өткен жылдың аяқ кезінде ауыл шаруашылығының барлық саласын өркендетуде, ауылшаруашылық өнімдері өндірісін ұлғайтуда зор маңызы бар машина-трактор станцияларының жұмысын жақсарту шаралары туралы қарар қабылдады…

## Ұлттар Советінің 1952 жылғы 7 марттағы мәжлісі туралы

### *ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР*

7 мартта, таңертеңгі сағат 11-де Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Ұлттар Советінің екінші мәжлісі болды.

Председательдік етуші — Ұлттар Советінің Председателі депутат **Ж. Шаяхметов.**

Ұлттар Советі Бюджет комиссиясының председателі депутат **И. С. Хохловтың** қосымша баяндамасын тыңдады.

Бюджет комиссиясының қосымша баяндамасынан кейін ССРО-ның 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және ССРО-ның 1950 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөз басталды.

Жарыссөздерде депутат **В. Н. Черноусов** (Омскі округі, РСФСР), депутат **В. Т. Лацис** (Киров округі, Латыш ССР), депутат **П. А. Абрасимов** (Мозыр қалалық округі, Белорусс ССР), депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** (Зайсан округі, Қазақ ССР), депутат **Г. Я. Рудь** (Дрокиев округі, Молдаван ССР), депутат **О. В. Романова** (Моркинскі округі, Мари АССР),

## ...ветінің мәжлістері

# ...млекеттік бюджеті туралы ...лғы Мемлекеттік ...луы туралы

### ...ЕВТІҢ баяндамасының соңы

...ларға 4,5
...
...совет үкіме-
... халықтың
...дық және
...у туралы
...ың айқын
... (Қолша"

...қсартуға жә
... Соңғы жыл
... ықшамдау
...ргізілді. Мұ-
...н жақсарт-
...ған шығын-
...екеттік ме-
...ың штатта-
...ер болуы,
...тікті бұзу
...ді. Финанс
... шаруашы-
...әне тран-

спорт өнеркәсібі, жол қатынасы және баска министрліктердің біркатар кәсіп орындарында тағайындалған штатты бұзу фактілерін ашты.

Мемлекеттік штат комиссиялары штаттағы артық қызметкелерді қысқарту және мемлекеттік аппараттардың құрылысын ықшамдау жөнінде белсенді жұмыс істеуге тиіс, ал, финанс орындары тағайындалған штаттар мен сметалардың сақталуына катаң бақылау жасауға міндетті. Финанс орындарының, министрліктер мен ведомстволардың бақылау-тексеру жұмыстарының сапасын одан әрі жақсартуды және оның ықпалын күшейтуді камтамасыз ету қажет. Бақылаушы-тексерушілер тексеру жүргізгенде теккана финанс тәртібін бұзушылықты ашып қоймай, сонымен қатар, ашылған кемшіліктердің толық жойылуына жетісулері керек.

## ...туға арналған қаржылар

...і және қа
... мемлекеттік
...етеді. Тіпті
..., АҚШ-та
... соңғы жы-
...не қазіргі
...тік бюджеті-
...олып отыр.
...не басқа аг-
...ғыс шығын-
...е өсті. АҚШ

бітшілік үшін қозғалыс бұл күндердегі ең ірі, қуатты, заманымыздың жеңілмес күштерінің бірі болып табылады. Барлық елдердегі миллиондаған адал ниетті адамдардың бейбітшілік ісін қорғап қалу және соғысты болдырмау жөніндегі мызғымас еркі де осы ұлы қозғалыстың негізінен туады.

* * *

Депутат жолдастар! Коммунизм құрудың сталиндік жоспарымен жігерленген

# Колхозшылардың оқуындағы кемшілікті толық жою—кезек күттірмейтін міндет

☆ ☆

## Ұмыт қалған іс

Партия мен үкметіміз социалистік егін шаруашылығы еңбекшілерінің алдына егіншіліктің мәдениетін үздіксіз көтеру, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру және қоғамдық мал санын көбейту, малдың тұқымын асылдандыру, одан алынатын өнім мөлшерін еселеп арттыру міндетін қойып отыр. Бұл —өте күрделі және аса жауапты міндет.

Мұндай аса күрделі шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру үшін ауылшаруашылық ғылымдарының жаңа табыстары мен озат тәжрибені колхоз өндірісіне батыл енгізу қажет. Ғылым табыстары мен алдыңғы қатарлылар тәжрибесін колхоз шаруашылығына кең қолдану ісінің нәтижелі болуы колхозшылардың білімі мен мамандығын үздіксіз арттырып отыруға тікелей байланысты. Мұнсыз ауыл шаруашылығында келелі табысқа жету мүмкін емес. Ал, колхоздардың қай-қайсысында болсын бұл мәселені іске асыруға қажетті жағдайдың бәрі де бар. Бұл жөнінде ірілендірілген колхоздардың әр қайсысында ұйымдастыруға болатын колхозшылардың үшжылдық агро- зоотехникалық курстері үлкен роль атқарады. Мамлют ауданының бірқатар алдыңғы қатарлы колхоздарының колхозшылары агро -зоотехникалық курстерде, топтарда өндірістен қол үзбей оқып, өздерінің білімдерін көтеріп, мамандықтарын арттыруда, алған теориялық білімдерін тәжрибемен шебер ұштастыруда. Осы арқылы олар жұмыстың шешуші участоктерінде еңбек өнімділігін еселеп арттырып, жоғары көрсеткіштерге ие болып жүр.

Мысалға «Память Кирова» колхозын алайық. Мұнда үстіміздегі жылы агротех-

Вильямс атындағы МТС-тің учаскелік агрономы Зотов жолдас әрбір лекцияға үлкен дайындықпен келеді. Сондықтан да колхозшылар сабаққа біркісідей қатысады да, оның оқыған лекцияларын зер сала тыңдайды. Агрономның, әсресе, «Өсімдіктердің тіршілігі туралы», «Жер қыртысы және оны тыңайту» деген тақырыптағы лекциялары ойдағыдай өтті.

Алайда, ауданның барлық колхоздарында колхозшылардың үшжылдық агрозоотехникалық курстерінде сабақ бұл дәрежеде ұйымдастырылып отырған жоқ. Кайта, керісінше, оның жайы өте-мөте нашар болып отыр. Аудан колхоздарының бірсыпырасында колхозшылардың оқуының бұл түрінің мүлдем ұйымдастырылмай отырғанын айтпағанда, ұйымдастырылған курстердің өзінде сабақ уақытылы өтпей, оған колхозшылар жеткіліксіз тартылмай келеді. Курстерде, сабақ көбінесе, агрономдардың кінәсінен өтпей отыр. Бұған бір-екі мысал келтірейік: «Зерновая фабрика» колхозындағы агротехникалық топта сабақ өткізуге агроном Ряполов бөлінген еді. Содан бері бірнеше ай өтті. Ряполов күні бүгінге дейін бір рет те сабақ өткізген жоқ. Сол сияқты, агроном Шишкевич «Большевик» колхозында ұйымдастырылған агро- зоотехникалық курста сабақ өткізуге тиіс еді. Бірақ, ол да осы уақытқа дейін бір рет те сабақ өткізбей, іске немкетті қарап келеді.

Атап айту қажет, агро -зоотехникалық курстерде сабақтың ойдағыдай ұйымдастырылмауына аудан, МТС және колхоз басшылары да тікелей кінәлі. Олар колхоздардағы агро -зоотехникалық курс-

Сырбай МӘУЛЕНОВ

## Үш өлең

### I. Нәзікүл

Қарақұмда кездескен,
Қарындасым Нәзікүл.
Қабағында ұялап,
Жақсы өмірдің жазы тұр.

Жатты дала сауырында,
Қарақұмның жотасы.
Бара жатты бауырында,
Колхоздың жас ботасы.

Кездестірдім сені алғаш,
Қызыл отау үйінде.
Қолды сілтеп қарындас,
Сөйлеп тұрған күйінде.

Тыңдаушының назарын,
Бір өзіңе аудардың.
Күшін осы заманның,
Әр сөзіңнен аңғардым.

Атқа қондың күн шыға,
Көрдім сені келер күн.
Газеттерді бір буда,
Бөктеріп ап жөнелдің.

Кәдір тұтып өзіңді
Тұрды тыңдап малшылар,
Қағып алып сөзіңді
Қайталады тау, шыңдар.

Құрметпенен қолыңа ап,
Бейбітшілік Үндеуін,
Әрбір үйді аралап
Әлі есімде жүргенің.

Қарақұмда кездескен,
Қарындасым Нәзікүл.
Қабағында ұялап,
Жақсы өмірдің жазы тұр.

### II. Жұлдызды қыз

Ауылымда қалың мал
Айналасы қайың, тал,
Ауылымда алтын дән,
Ауылымда барлық сән.

Ауылымда бір қыз бар,
Жазғы таңдай жайдары.
Омырауында жұлдыз бар

